

Тарихи - философиялық Уақыт және Кеңістік ұғымдары белгілі бір дәрежеде қалыптасқан мезгіл мен мекеннің ішкі заңдылықтарын зерделейді. Қарапайым тілмен айтсақ, әр жаңалық, құбылыс өз уақытының ғана үздік көрсеткіші. Алайда, сол ұғымдарды көктей өтіп, әсіресе, алғашқысының шылауында қалмай, тіпті, уақыт өте келе, еңселене, асқақтай түсетін жандар болады. Адам уақыттың өткен шақтағы бір ғана сәтін зердесінде сақтауға қабілетті. Бірақ, уақыт бір ғана сәттен тұрмайды. Мына беймазалау әрі беймәлімдеу заманда, ақпараттар ағыны аса күшейген тұста зердеде сақталып қалған әлгі бір сәттің сәл де болса көмескілене бастауы - табиғи құбылыс. Алайда, бір ақиқат бар: ол - бірдің ғана емес, мыңның, тұтас бір қауымның ілтипатына бөленген жанның, онда да болмысына ірілік пен асқақтық феномені ұялаған тұлғаның есімі, атқарған қызметінің кемескіленуге жол бермейтіндігі.

Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев сондай жан еді. Адам - пенденің қабілет-қарымы өмірден өз орнын қапысыз таңдауымен тығыз байланысты десек, ол өмірлік міндетін дұрыс бағдарлай алған адамдар қатарына жататын-ды. Бүгінде біртін-біртін адами көрсеткіш белгісі болудан қалып бара жатқан адамгершілік, кісілік, саф тазалық сияқты әрі тектіліктің, әрі бекзаттықтың



Ұлы Мәртебелі Студент үшін қызмет етуіміз керек» деген сөз ерекше орын алатын. Ол тым намысқой болатын, өзі перзенті болып табылатын Қарағанды мемлекеттік университеті жоғары білім беретін оқу орындарының флагманына айналуы үшін саланың игерілмей жатқан бар әлеуетін тиімді пайдаланғысы келетін, өзге оқу орындарының игі істерін меңгеруге тырысатын, тіпті, езгелермен бәсекелестікке түсіп еді десек, ол таза іскерлік, ғылыми-шығармашылық саланы көтеру, ұжым мүшелерін қанаттандыру, жігерін жану тарапындағы ізгі ниеттерден туындап еді.

Жамбыл Сәулебекұлы ойлылықты ұнататын, қате болса да өз пікірін жан-тәнімен қорғай алатын берік ұстаным иелерін ұнататын. Ол аға буын мен

тын. Жаңашылдықты, қисынды әрекетті қолдауы, әр оқытушыға, ғалымға қояр талабы қамқорлықпен ұштасып жататындығы оның шын мәнінде ұстаз, тәлімгер ұғымдары аясынан табылуына мүмкіндік туғызды. Ж.Ақылбаев отандық, шетелдік көптеген марапаттарға ие болды. Елбасы Н.Назарбаевтың президент сайлауында сенімді өкілі болды, ректорлар ішінен республика Жоғары кеңесінің депутаттығына сайланды. Ол үшін ең құнды қасиет сан мыңдаған студенттердің, оқытушылар мен ғалымдардың шынайы ұстазы, тәлімгері, қамқоршысы бола алғандығы еді.

Шағын еңбекте Ж. Ақылбаевтай тұлғаның ірілік феноменін ашу мүмкін емес, сірә, осымен тәмамдау керек шығар, алайда бір жайтқа тоқталмауға болмайды.

XIX ғасырда ғұмыр кешкен қазақтың ұлы биі Жақсы Жәкең - Жанғұтты Бөкес қариядан өзінің қай уақытта бақилық болатынын біліп, уағдаласқан Құнанбайға «Меккеге жүрейік» деп, ат шаптырыпты. Ел арасындағы даушардан босамаған Құнекең бара алмай, Жәкең өзі аттаныпты, ажал жетіп, асыл сүйегі сонда жерленген. Кейінірек барған Құнекең Жәкеңнің қабірін құшақтап: «Беу, беу, Жақсы Жәкем-ай, тіршілігімізде мен сені жақсы деуші ем, сен мені жақсы деуші ең, шын мәнінде сен жақсы болдың. Себебі, сенің өлімің де қадірлі

символы іспеттес құндылықтар оның ұстаздық, ғалымдық, төлімгерлік қасиеттерінің қалыптасуына алғышарттар жасады.

Егер Жамбыл Сәулебекұлы ірі кәсіпорын, ұйым, компанияның басшысы болса да, өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындайтынына еш күмән келтіруге болмас, алайда ол таңдаған жол білім жолы еді. Дәл осы таңдау оны биікке көтерді, абырой- бедел әкелді. Бұл - біздің пікіріміз. Ол абырой, атақ үшін білім саласын таңдаған жоқ-тын. Түркі әлеміне астамшылықпен қарайтындар үшін ашық аспанда жасын оты ойнағандай әсер қалдырған түркінің көне руна жазбалары білімнің арқасында дүниеге келген; әріге бармай-ақ қояйық, бір ғана Абайдың қазақ руханиятына әкелген ренессансы білімнің арқасында жүзеге асты; әлемдік ірі тұлғалар Махатма Ганди, Сун Ят Сен, Кемал Ататүрік, тағы басқа алыптармен деңгейлес, тіпті, кей тарапта биіктеу көрінетін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедовтер де ұлы мұраттарын жүзеге асыру үшін білім мен ғылымды бірінші кезекке шығарған-ды. Ал, тәңірінің алқауымен, XX ғасырдың ортасында сол ұлылар мен ірілердің аманат - эстафетасын қабылдап, жаңа уақыт пен жаңа жағдайда жүзеге асыру пешенесіне жазылған зияткерлік топ құрамында Жамбыл Ақылбаев та бар-тын.

Академик Е.Бөкетов республикадағы екінші университеттің аяғымен нық тұруына қатысты қыруар ұйымдастырушылық іс-шаралардың басы-қасында болды, нақақтан-нақақ зардап шекті, академик З.Молдахметов киелі оқу орны талапқа сай жұмыс істеп, тиісті миссиясын орындау үшін қалыптасқан университетке айналуына тер текті. Ал, осы университеттің түлегі, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметтерін атқарған Ж. Ақылбаев бірнеше жыл Атырау (Гурьев) пединститутында ректорлық лауазымда болып, қалған бар ғұмырын Қарағанды мемлекеттік университетіне арнады. КСРО сияқты алып империяның тарих сахнасынан кетуі, бір орталықтан басқарылатын жүйенің экономика саласындағы байланыстардың ыдырауы XX ғасырдың соңында тек экономикалық ғана емес, саяси алапат дағдарысқа да алғышарттар жасаған болатын. Ж.Ақылбаевтың Атыраудан Қарағанды мемлекеттік университетіне ректор болып ауысуы сол мерзіммен тұспа-тұс келгенді. Жылу, энергия тапшылығы, ұжымдағы әрі-сәрі ахуал, есік-терезеден жүрдай болған жатақханалар, т.б. келеңсіздіктер жаңа ректорды тығырыққа тіреп, толғандырды. Сол тұста оның жаңа бір қыры, яғни ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті ерекше көрінгенді.

Азғана уақыт ішінде олқылықтың орны толды, ұжым мүшелері арасында оң моральдық-психологиялық хал-ахуал қалыптасты. Тәуелсіз елдің жаңа жағдайдағы даму тұжырымдасы Мемлекет басшысынан бастап, білім мен ғылым саласында жүрген танымал азаматтарды да айрықша ойландырған еді. «Кім кінәлі?» мен «Не істеу керек?» сауалдары күн тәртібіне үнемі қосақталып жүретін. Жамбыл Сәулебекұлы сияқты қайраткерлер үшін екінші сауал маңызды еді. Ол бүкіл қабілетін, білімі мен білігін, табандылығы мен принципшілдігін осы арнаға бұрды. Тәуелсіз елдің білімі мен ғылымы әлем елдеріндегі осы саладан кейін қалмауы үшін көптеген шетелдерде болды, зерттеді, салыстырды. Әйгілі Оксфорд, Кембридж университеттерінің білім, ғылым саласындағы әлеуетімен танысты. Қажет десеңіз, қазір бәріміз мансұқтап жүрген КСРО білім жүйесімен салыстырғанда, сол айтулы оқу орындарында қалыптасқан жекелеген келеңсіздіктерге бәлендей көңілі толмайтын. Ол үшін қандай технологиямен, қандай тәсілмен меңгертсең де, білім мен ғылым әр студенттің жүрегіне ұя салуы бәрінен қымбат болатын. Ол әр студентті жеке тұлға деп санайтын-ды. Сондықтан, оның сөздік қорында біреуге ерекше фанаттық болып көрінсе де, «Біз

таным-көзқарасы жаңа жағдайда қалыптасып келе жатқан кейінгі буын арасына дауласса да, жауласуды мақсат тұтпайтын алтын көпір бола алған еді. Сірә, жүйелілік пен нақтылықты пір тұтқаны шығар, Иассауи мен Әл-Фараби, бертіндегі Махамбет пен Абай, Әлихан мен Әлімхан, Мағжан мен Сәкен, Ахмет пен Мұхтарды, бірі үлкен, бірі кіші өз замандастары: Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Е. Бөкетов, С. Зиманов, С. Сартаев, С. Досмағамбетов, Ө. Жолдасбеков, С. Қирабаев, З. Қабдолов, С. Исатаев, Ә. Сағынов, М. Өтелбаев, Ғ. Құлқыбаев, А. Сейдімбектерді, т.б. ұнататын, етене араласпаса да, ниеттес, пікірлес болатын.

Ертеректе Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Жастар алаңында өткен бір салтанатта белгілі азамат, мемлекет және қоғам қайраткері С. Досмағамбетов аға: «Әуе лайнерінің сенімді ұшуы, теңіз кораблінің адаспай жүзуі экипаж командиріне байланысты. Ал, ҚарМУ сияқты үлкен ұжымның игілікті істер биігінен көрінуі ректор Жамбыл Сәулебекұлының есімімен тығыз байланысты» деп шынайы лебізін білдіріп еді. Сұңғыла аға өз пікірі арқылы қалың жұртшылықтың ықыласын білдірді-ау деп ойлаймын.

Ж. Ақылбаев шын мәнінде білім саласының ірі реформаторы еді, өз болмысы қабылдаған қағидаларды бәрінен биік қоя-

болды-ау, Алланың назары түскен қасиетті жерде жатырсың, мен болсам, дүниенің қу боғына қайта кетіп барам» деген екен. Жамбыл аға да өмірлік мұратын орындап, мінбеде тұрып, бақиға аттанды... Жақсы Жәкең елінде...

Өмір - мұрат. Өлім - ақиқат. Ол кісінің дүниеден озғанына 5 жыл болды. Бақиға аттанған адамға ештеңенің де керегі жоқ. Оның есімін ұлықтау бүгінгілер үшін қажет. Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры Е. Көбеев біраз игілікті істерге мұрындық болып жүр, «Болашақ» университетінің ректоры Н. Дулатбеков тағылымды іс-шаралар өткізіп келеді. Жамбыл Сәулебекұлының «Парасат иірімдері» атты кітабы, өзі туралы естеліктер жинағы осы азаматтың алқауымен жарыққа шықты. Балқашта академик Ж. Ақылбаев колледжі бар.

Таяуда облыс әкімі Ә. Құсайынов Қарағандыдағы көше атауларын өзгертуге мүдделілік танытыпты деген жағымды жаңалық естідік. Басқа өңірлер өз алдына, ең алдымен, Қарағанды қаласының тәуір бір көшесі Ж. Ақылбаев есімімен аталар деген үміттеміз. Сонымен қатар, осынау ірі тұлғаға кітапхана, оқу орны аттарын беру, тағы басқа іс-шаралар да алдағы уақыттың еңшісінде.

Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының
докторы, профессор, ҚР
Мәдениет қайраткері.

Орталық Қазақстан. - 2012. - 24 қаңтар.